21155645411

ҚАУЛЫ

2024 жылғы 12 маусым №1599-24-00-2а/574 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрелік етуші судья А.Д.Дауренбеков,
судьялар Г.С.Әлімбаева, А.Ж.Садыкова болып,
хатшылықта И.К.Нургалиев отырып,
прокурор А.Б.Нуримова,
талап қоюшының өкілі М.Ж.Ергазиев,
жауапкердің өкілі АД.Абуовтің қатысуларымен,
мобильдік бейнеконференцбайланыс желісін қолдану арқылы, ашық сот отырысында, «Әйтеке би ауданының Әйке ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «B-grass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, аванс сомасы мен тұрақсыздық айыбын өндіру туралы азаматтық ісі бойынша Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 19 наурызындағы шешіміне жауапкердің апелляциялық шағымын қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

«Әйтеке би ауданының Әйке ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ «B-grass» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, аванс сомасы 30 000 099 теңге мен 2023 жылғы 1-26 желтоқсан аралығындағы 26 күнге тұрақсыздық айыбы ретінде 1 775 262,04 теңге сомасын өндіру жөніндегі талап қоюмен сотқа жүгінген. Талаптарын жауапкермен бүгінгі күні 39 274 810,48 теңге мөлшерінде орындалған жұмыстар актілері тапсырылғанын, қалған жұмыстар толығымен бітпегендігімен негіздеген.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 19 наурызындағы шешімімен талап қою ішінара қанағаттандырылып, «Тілек-2030» ЖШС мемлекет пайдасына 1 669 705 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл, жергілікті бюджетке 50 091 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілген. «Тілек-2030» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану талабы қанағаттандырусыз қалдырылған.

Жауапкер апелляциялық шағымында сот шешімін негізсіз, заңсыз, бірінші сатыдағы сот істің мән-жайларына дұрыс баға бермегендіктен, құқыққа сәйкес емес тұжырым жасалған деп, сот шешімін өзгертіп, талап қоюшының талабын толығымен қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Апелляциялық сот отырысында іске қатысушылардың пікірлері мен прокурордың қорытындысын тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерттеп, алқа келесідей тұжырым жасап отыр.

Сот шешімінің күшін жою немесе өзгерту негіздері Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің (әрі қарай - АПК) 427 бабында айқындалған.

Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 17.06.2024
Құжатқа қол қойылған: Алимбаева Г. С., 17.06.2024
Құжатқа қол қойылған: Садыкова А. Ж., 17.06.2024 Құжатқа қол қойылған: Алимбаева Г. С., 17.06.2024

Бірінші сатыдағы сот тарапынан істі қарау барысында, шешім қабылдау кезінде материалдық және процессуалдық заңнамамен қарастырылған заң бұзушылықтарға жол берілгендігі анықталып отыр.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай-Заң) 12 бабының 4 тармағы 3 тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК) міндеттеме міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Іс материалдарынан тараптардың араларында 2023 жылғы 18 шілдесінде жасақталған №22 мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша «B-grass» ЖШС Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Әйке ауылындағы Жабаев көшесіндегі автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу міндеттерін алғандығы көрінеді.

Міндеттемелерді орындау мерзімі – 5 ай, 2023 жылдың 18 желтоқсанына дейін.

Шарт қазынашылық органында тіркелгеннен күннен бастап күшіне еніп, 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.

Шарттың жалпы сомасы - 107 554 218,69 теңге.

Тапсырыс берушімен жауапкерге шарт сомасынан 30% мөлшерінде 30 000 099 теңге аванс сомасын төленген.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттеме тиісті мерзімінде толығымен аяқталмаған, нысан пайдалануға қабылданбаған.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуіріндегі №4 Нормативтік қаулысының 8 тармағында мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359 бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6 бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет деп түсіндірілген. Тарапқа шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401 бабының 2 тармағы) деп айқындалған.

1599-24-3-2/575

Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 17.06.2024
Құжатқа қол қойылған: Алимбаева Г. С., 17.06.2024
Құжатқа қол қойылған: Садыкова А. Ж., 17.06.2024

Талап қоюшының талап қою кезінде күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталғандығы сотпен дұрыс анықталған.

Тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндетін тиісті түрде орындамаған. Шарт бойынша орындалған жұмыстар актілері 39 274 810,48 теңгеге тапсырылған.

Бұл жағдайларды тараптар жоққа шығармай отыр.

АК-нің 359 бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты тиісті шаралардың қабылдағандығы туралы сотқа дәлелдемелерді келтірген жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Бұл ретте алқа бірінші сатыдағы соттың жауапкердің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылып қалғандығын ескере отырып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады деген қорытындысымен келісіп отыр.

Сонымен қатар алқа бірінші сатыдағы соттың жауапкер шартта белгіленген мерзімде жұмыстарды аяқтамай, нысанды пайдалануға тапсырмаған, сондықтан 30 000 099 теңге аванстық төлем сомасы қайтарылуға жатады деген тұжырымын негізді деп тауып отыр.

Сот алқасы істі апелляциялық сатыда қарау кезінде нысанның қандай күйде екендігіне дәлел фотосуреттерді зерттеп, жауапкердің міндеттемелерін толық көлемде орындалмағаны ескеріліп, басталған жұмыстар ұзақ уақыт бойы тоқтап қалу салдарынан жер қазу жұмыстарының нәтижелері желмен ұшып, сумен 8 жерден шайылып кеткендігін тараптар қуаттап отыр, ал жұмыстардың орындалмау себептерін алқа негізсіз деп тауып отыр.

Дегенмен, бірінші сатыдағы сот іс үшін маңызы бар мән-жайлар ауқымының дұрыс айқындап, анықтамаған, шешімде баяндалған сот түйіндері істің мән-жайларына сәйкес келмей отыр.

Атап айтса, сот алқасы бірінші сатыдағы соттың талап қоюшының тұрақсыздық айыбын есептеу 2023 жылғы 1-26 желтоқсан аралығындағы кезеңін 26 күн деп дұрыс айқындалмаған деген қорытындысымен келісе отырып, соттың 2 күн деп анықтауын қате деп тауып отыр.

Жұмыстарды аяқтау мерзімі 2023 жылғы 18 желтоқсанға дейін болуына байланысты тұрақсызыдық айыбы 19 желтоқсаннан бастап 26 дейін, 7 күнге есептелуге жатады. Себебі талап қоюшының қойған талап мөлшерінің шегі 26 желтоқсан қоса берілген.

Осыған байланысты тұрақсыздық айыппұлы 7 күнге есептелуге жатады.

1599-24-3-2/575

Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 17.06.2024
Құжатқа қол қойылған: Алимбаева Г. С., 17.06.2024
Құжатқа қол қойылған: Садыкова А. Ж., 17.06.2024

Сондықтан жауапкерден мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыппұл орындалмаған жұмыстар мөлшері 68 279 407,52 теңге х 0,1% х 7 күн = 477 955 теңге өндірілуге жатады.

Заңның 43 бабының 24 тармағына сәйкес өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Шарттың 8.3 тармағымен қарастырылғандай жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% артық болмауы тиіс.

Бұндай жағдайда сот алқасы бірінші сатыдағы соттың шешімі заңсыз, негізсіз деп тауып, сол себепті өзгертілуге жатады, өндірілген 136 558 теңге тұрақсыздық айыппұлдың мөлшері 477 955 теңгеге дейін ұлғайту қажет деп санайды. Басқа бөлігінде шешім өзгеріссіз қалдырылуға жатады.

Жауапкердің уәждері негізсіз болуына байланысты апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады.

АПК-нің 109, 117 баптарының талаптарына сәйкес жауапкерден өндірілген мемлекеттік баж салығының мөлшері 914 341 теңгеге дейін ұлғайтылуы тиіс.

Аталған жағдайларға байланысты және Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 424 бабының 2 тармақшасын, 425 бабының 1 тармақшасын, 431 бабын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 19 наурызындағы осы азаматтық іс бойынша шешімі өзгертілсін.

«B-grass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына өндірілген тұрақсыыздық айыппұлдың мөлшерін 477 955 (төрт жүз жетпіс жеті мың тоғыз жүз елу бес) теңгеге дейін ұлғайтылсын.

«B-grass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке өндірілген мемлекеттік баж салығы 914 341 (тоғыз жүз он төрт мың үш жүз қырық бір) теңгеге дейін ұлғайтылсын.

1599-24-3-2/575

Шешім басқа бөлігінде өзгеріссіз қалдырылсын.

Жауапкердің апелляциялық шағымы ішінара қанағаттандырылсын.

Қаулы жарияланған кезден бастап заңды күшіне енеді және қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты айдың ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 54 тарауының талаптарына сәйкес кассациялық тәртібінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына өтінішхат, прокурормен наразылық келтірілуі мүмкін.

Төрелік етуші: **А.Дауренбеков**

Судьялар: **Г.Әлімбаева**

А.Садыкова

Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 17.06.2024
Құжатқа қол қойылған: Алимбаева Г. С., 17.06.2024
Құжатқа қол қойылған: Садыкова А. Ж., 17.06.2024 Құжатқа қол қойылған: Алимбаева Г. С., 17.06.2024
1599-24-3-2/575

Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 17.06.2024
Құжатқа қол қойылған: Алимбаева Г. С., 17.06.2024
Құжатқа қол қойылған: Садыкова А. Ж., 17.06.2024 Құжатқа қол қойылған: Алимбаева Г. С., 17.06.2024

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911

1599-24-3-2/575